



ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДА СТУДЕНТТЕР ЖАТАҚХАНАСЫ ПАЙДАЛАНУГА БЕРИЛДІ

ҚР Білім және ғылым министрі А.Сәрінжіпов пен өңір басшысы Б.Атамқұлов М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің №9 оқу ғимаратының жаңынан бой көтерген «Студенттер үйі» жатақханасының ашылу салтанатына қатысты. «Бүгін біз министрліктің қолдауымен облыс орталығында осы жылдың өзінде 2-ші студенттер үйінің ашылу салтанатына күә болып отырмыз.

Бұл – студенттер үшін үлкен сыйлық деп білемін. Болашақ жастар жайлы және жақсы жерде өмір сүріп, білім алса, ол болашақта ез жемісін береді. Жаңа жатақхана құтты болсын! Біздің студенттер осында жақсы білім алып, ертең еліміздің дамуына өз үлестерін қоса берсін!», - деді облыс әкімі Б.Атамқұлов. Еске салсақ, 2012 жылы Елбасы Н.Назарбаевтың тапсырымасымен ҚР Білім және ғылым министрлігі «Студенттік баспаңа» мемлекеттік бағдарламасын бекіткен болатын. Осы жылдар ішінде жаңа жатақханалардың құрылышы Президент бақылауында болды. Студенттер үйі 588 орынға шакталған.

Жалпы көлемі 9 398 ш.м. курайтын жаңа секциялық түрдегі 5 қабатты жатақхана 2 және 3 орындық 232 бөлмеден тұрады. Жиһаздармен қамтылған әр секцияда душ бөлмелері қарастырылған. Сонымен қатар, жатақханада 6 демалыс бөлмесі, оқу залы, жабдықталған компьютерлік сынып және жаттығу залы, тоқ плитасы мен 10 ортақ асхана бар. Республикалық бюджет есебінен салынған ОҚМУ жатақханасы 2015 жылы Қазақстанда ашылған жатақханалардың есебі бойынша жетінші ғимарат. Айта кетейік, 2016 жылы еліміздегі тағы 4 жоғары оқу орнының жатақханасының құрылышы аяқталады деп күтілуде.